

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға арналған әлеуметтік көмек төлеудің нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 01-02/24-14 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 11 мамырда N 5-6-105 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз аудандық мәслихатының 2012 жылғы 18 мамырдағы N 4/27-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Аягөз аудандық мәслихатының 2012.05.18 N 4/27-V шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңының 6 бабы 1 тармағы 15) тармақшасына, 7 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және селолық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 5 тармағына, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы № 15/209-IV «Азаматтардың кейбір санаттарына төленетін әлеуметтік көмектің мөлшері туралы» (2009 жылғы 12 қарашадағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2515 нөмірімен тіркелген) 2009 жылғы 17 қарашадағы № 199-200 «Дидар», 2009 жылғы 18 қарашадағы № 183 «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған шешіміне сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға арналған әлеуметтік көмек төлеудің нұсқаулығы» (қосымша берілген) бекітілсін.

2. Аягөз аудандық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы кезекті XXI сессиясының № 01-02/21-9 «Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға арналған әлеуметтік көмек төлеудің нұсқаулығын бекіту туралы» шешімінің күші

ж о й ы л с ы н .

3. Осы шешім Аягөз аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Мұсапырбеков

Мәслихат хатшысы

М. Темеков

Қ о с ы м ш а

Аягөз

аудандық

мәслихатының

2010

жылғы

16

сәуірдегі

№ 01-02/24-14 шешімімен бекітілген

**Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқаулық ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек т ө л е м і н р е т т е й д і .

2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы № 15/209-IV «Азаматтардың кейбір санаттарына төленетін әлеуметтік көмектің мөлшері туралы» (2009 жылы 12 қарашадағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2515 нөмірімен тіркелген) 2009 жылғы 17 қарашадағы № 199-200 «Дидар», 2009 жылғы 18 қарашадағы № 183 «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған шешімі нұсқаулықты қабылдауға құқықтық негіз болып табылады.

3. Отын сатып алуға әлеуметтік көмек (бұдан әрі - әлеуметтік көмек) ауылдық жерлерде тұрып, жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына (бұдан әрі - әлеуметтік саладағы мамандарға) көрсетіледі.

Мемлекеттік білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына әлеуметтік көмек жыл сайын біржолғы ақшалай төлем түрінде 5000 теңге мөлшерінде көрсетіледі.

Денсаулық сақтау ұйымдарының мамандарына әлеуметтік көмек облыстық мәслихатының шешімімен белгіленген мөлшерде төленеді.

2. Тағайындау

4. Әлеуметтік саладағы мамандарға әлеуметтік көмек жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органымен тағайындалады. Әлеуметтік көмегін тағайындау үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органына келесі құжаттар тапсырылады:

- 1) әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі өтініш;
- 2) ақшалай төлемді алушы салымдар бойынша «Қазпошта» АҚ-ның филиалдарында жеке шоттың нөмірін ашуға міндетті;
- 3) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;
- 4) салық төлеуші тіркеу куәлігінің көшірмесі;
- 5) атқаратын лауазымы жөніндегі мекемеден анықтама;
- 6) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе тиісті елді мекенде тұратынын растайтын анықтама.

5. Осы нұсқаулықты қолданатын екі немесе одан көп тұлғалар бірге тұрғанда, әлеуметтік көмек әрқайсысына беріледі.

3. Қаржыландыру және төлеу

6. Әлеуметтік саладағы мамандарға әлеуметтік көмегін қаржыландыру қаржы жылына осы мақсаттарға көзделген жергілікті бюджет қаражаттары есебінен іске асырылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

4. Бақылау және есеп беру

7. Әлеуметтік саладағы мамандарға жыл сайынғы біржолғы ақшалай төлемдерді төлеуге бақылауды және есеп беруді жүргізу Аягөз ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүктеледі.